

Хаттамасы

Үшқын ауылы

16.01.2024 жыл

Қатысқандар: ата-ана 15, мектеп ұжымы.

Күн тәртібі:

1. «Қыз намысы-ұлт намысы» тақырыбында баяндама /ДТІЖО Б.Султанов/
2. Әр түрлі мәселелер

Тыңдалды:

«Ата-аналар мектебі» жобасы аясында 1-9 сынып ата-аналарына «Отбасы құндылығы -сарқылмас қазына» соның ішінде «Қыз намысы -ұлт намысы» тақырыбында жиналыс ұйымдастырылды. Отбасы құндылығының маңызы, отбасында қарым-қатынастың бала тәрбиесіндегі маңызы туралы ой-қозғау, пікір алмасу болса, сонымен қатар қыз бала тәрбиесіндегі маңызды ескеру қажет құндылықтар мен отбасында үнемі жіберілетін олқылықтардың ара жігін ажырату ұсынылды. Бірінші мәселе бойынша бойынша директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Б.Султанов баяндама оқыды. Баяндама біткен соң ата-аналармен мақал-мәтелдер айту ойыны ұйымдастырылды.

Екінші мәселе бойынша әртүрлі сұрақтар қарастырылды. Ата-аналар қарастырылған сұрақтарға кері байланыс берді. Сынып жетекшілер сынып бойынша болып жатқан мәселелерін талқылады.

Қаулы:





1. «Ата-аналар мектебі» жобасы аясында өткізілген «Қыз намысы -ұлт намысы» тақырыбында жиналыс қанағаттанарлы деп танылсын.
2. Ата – аналар мен сынып жетекшілер арасында тығыз қарым-қатынас орнатылсын.

Жиналыс төрайымы:

Б.Султанов

Хатшысы:

М.Асанова



Баяндама

Ата-аналар мектебі жобасы аясында: «Қыз намысы – ұлт намысы»

Әр елдің өміріндегі шешуші кілт қыздарға берілетін тәлім-тәрбие арқылы өлшенеді. Біздің халқымызда «Қыз» деген сөзді әдеміліктің, әдептіліктің, жан-жақты сұлулықтың символы ретінде қолданады.

Жарық пен жылу, от пен су жоқ жерде тіршілік жоқ, ал осылардың көктегі көзі – күн, жердегі көзі – адамзат. Адамдардың бір-біріне мейірімі мен ұлағатты тәрбиесі тіршілікті сақтайды. Тәрбиесі түзелмей елдің көсегесі көгермейді, отбасы түзелмей болашақ түзелмейді.

Бесігінде жақсы тәрбие алған, үлгі-өнеге көрген қыз бала болашақта да сол әдебін сақтамақ. Әдепті, инабатты, адамгершілігі мол, сыпайы қыз тәрбиелеу – бүгінгі мектептің, қоғамның және ата-ананың негізгі міндеті...

Қазіргі заман қыз бала тәрбиесіне ерекше мән беруді қажет етеді. Себебі, қыз баланы тәрбиелеу деген сөз – ұлтты тәрбиелеу деген сөз. Отбасы – қоғамның бір бөлшегі. Ал отбасының алтын қазығы — әйел адам. Бесігінде жақсы тәрбие алған, үлгі-өнеге көрген қыз бала ержеткенде сол әдетін сақтайды.

Қазақ халқының мақсаты — әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерін қыз баланың бойына сіңіре отырып, қыз балаға келешекте ана, ақ босағаның аруы, шаңырақтың құт-берекесі екенін ұғындыру, әдептілікке, сыпайылыққа, инабаттылыққа, мейірімділікке, төзімділікке, шыншылдыққа тәрбиелеу. Қыз бала бойжетіп, әкешесінің, бауырларының ортасында бұлғақтаған дәуренін қалдырып, басқа бір үйге келіп келін атанады. Өз шаңырағын көтеріп, үй мен шаруаға иелік етіп, түтін түтетеді, ана болып өмірге перзент әкеледі. Жар құшып, ана болу – қыз баланың мақтанышы, әрі бақыты. Бұған әсіресе ата-ана қуанады.

Қыздың бойжетуі, яғни, жан-жақты жетіліп, белгілі дәрежеде өмір тәжірибесіне ие болуы заңды құбылыс. «Қыздың жолы жіңішке», «Қызға қырық үйден тыю» деген сияқты халықтық тәлімгерлік талаптарының мәнін түсініп қана қоймай, бойжеткен одан өзіне қатысты қорытынды шығара білуі, іс-қимыл, жүріс-тұрыс дағдысын басшылыққа алуы керек. Ұят-әдеп жоралғыларын белден басып, отырғанда, тұрғанда өзінің әйелдік жаратылысын ескермейтін, қызға, келінге жарасатын қымсыну, қызару, тартыну, имену дегендер ойына кіріп-шықпайтын қыз өзіне ғана емес, ата-ана, бауыр-туғандарына сөз келтіріп, жерге қаратады. Сондықтан, қыз ибасы, қыз әдебі дегенге жеңіл-желпі қарауға мүлдем болмайды. Біздің халық ұрпақ тәрбиесінде екі нәрсені естен шығармаған. Біріншіден, дүниеге келген ұрпақтың жалпы тәрбиесіне баланың ержеткенге дейінгі бағым-күтімі, жүріс-тұрысы бәрі-бәрі енген. Екіншіден, ұл мен қыздың тәрбиесін екі бөліп жүргізуге тырысқан. Мұнда негізінен ұлдың тәрбиесі әкеге, қыздың тәрбиесі шешеге байланысты жүргізілген. Олардың әдепті, тәрбиелі, тындырымды, іс-әрекеті тиянақты болуын қадағалаған. Соған орай ақыл-кеңес беріп отырған. Ұлы ғұлама Бауыржан Момышұлының келіні Зейнеп Ахметова:

«Қыз баланың мына өмірдегі міндет-парызының жүгі ауыр,, әрі ардақты. Ол – адамзат ұрпағын өмірге әкелетін болашақ ана, үй ұстап, жар күтетін адал жар, ата-ене сыйлап, иілетін қамқор келін. Ол осыны қаласын-қаламасын, бұл — өмір заңы» — деген.Соңғы кездері қыздарымыздың арасында темекі тартып, нашақорлыққа бой ұрғандары да кездеседі. Келешекте ондай қыздар өмірге қандай ұрпақ әкеліп, қандай тәрбие бермекші? Қыз баланың тым әлем-жәлем киініп, көзге түсуге тырысуы, орынсыз боянып сылануы ерсі болады. Сонымен қатар, өзінің сырт пішініне, киім сәніне немқұрайлы, салғырт қарауы да келіспейді. Бұл оның тәрбиесінің жетімсіздігі, төмендігі.Қазіргі заман ағымына сай қыздар тәрбиесінде төмендегідей басты мәселелерге көңіл бөлінуін баса айтқым келеді:Ата-аналармен тығыз байланыста болу, баласы туралы пікір алмасып әңгіме жүргізіп отырып тәрбиелеу өз нәтижесін бермек. Себебі, қай бала болса да (қыз, ұл) алдымен тәрбиені отбасынан алады, ата-анасына еліктейді, соларды қайталағысы келеді, ал бала жас шыбық тәрізді, қалай баулыса солай қарай бой түзейді.«Қызға қырық үйден тыйым» деп, қыз баланың әлдебір іс-әрекетіне үзілді-кесілді тыйым салу, жылылық танытпай ұрысып, зеку зиян, керісінше баланың жағдайымен санасып сеніміне кіру, сырласып дос бола білу керек.

Отбасы дұрыс, мәдениетті қарым-қатынаста болуы.

Өз ұлтының намысын жоғары қоя білетін, елінің сөзін сөйлейтін жас ұрпақты баулып,тәрбиелеу үшін «мұны білуге әлі ерте, оған тыйым салынады» деген тежеулерді алып тастап, баланы бұғаулы ойдан, шектеулі ұғымдардан құтқару қажет, қайта баланы ойын еркін айта білуге жетілдіріп, білігіне жетелеп отыруымыз керек.Жас ұрпақты адамға тән табиғи сезіммен өмірді, табиғатты сүйе білуге, құрметтеуге үйрету.Жаратылыстың ақиқатын, болмысты ашық, бүкпесіз көрсетіп ұғындыруға арналған мектеп — шындықты үйрету мектебі болуы керек.Қыздардың бірі - жаңа буырқанған бұлақтың бастауы болса, екіншілері - ағысы қатты арналы өзен сияқты, бірі момын да, жуас , енді бірі өткір де өжет. Қыз баланың физиологиялық, психологиялық даму кезеңдерін басшылыққа ала отырып жүргізілетін тәрбие жұмыстары өз нәтижесін бермей қоймайды. Бастауыш сыныптағы қыз бала ұқыптылыққа, тазалыққа, үлкенді және достарын сыйлауға , мектепте өзін-өзі ұстауға тәрбиеленсе, 5-8 сыныптар аралығындағы қыз балалар тәрбиесі алғашқы кезеңдегі тәрбиені жалғастырады. Қыздардың мінез тұрақтылығын қалыптастыра отырып инабаттылыққа, әдептілікке, ізет пен мәдениеттілікке тәрбиелеу қажеттілігі тууда.Қазақ халқының әдет-ғұрып, салт- дәстүрлерін қыз баланың бойына сіңіре отырып, қыз балаға келешекте ана, ақ босағаның аруы, шаңырақтың құт- берекесі екенін ұғындырып, әдептілікке, сыпайылыққа инабаттылыққа, мол мейірімділікке, төзімділікке, шыншылдыққа баулып, ар тазалығын жоғары ұстайтын қылықты қыз тәрбиелеу мектептен бастау алғаны нұр үстіне нұр болып отыр. Біз ата-ананы пір тұтқан, тегімізді атадан, тілімізді анадан санаған халықпыз. «Атасыз ұл ақылға жарымас, анасыз қыз жасауға жарымас», «Қыз ақылды ескермес, ана үлгісін көрмесе, ұл жарылқап ас бермес, әке үлгісін көрмесе».Ұлттық салт-дәстүрімізді білу,оның астарын түсініп, атадан балаға мирас ету қазіргі танда, әсіресе, қазақ қыздары үшін ауадай қажет. «Қыз тәрбиелей отырып- ұлтты

тәрбиелейміз» деген қанатты сөздің өзі қыз бала тәрбиесінің қаншалықты маңызды екенін білдіреді. «Қызым үйде, қылығы түзде» дейді екен бұрынғылар. Қыз баланың бойына асыл қасиеттерді дарыту тек құлаққа құюмен, ақыл айтумен не болмаса «Қызды қырық үйден тыюмен» шектелмейді, мәселе қай кезде, қандай жағдайда орынды ақыл ұсынып, үлгі -өнеге көрсету қажет. Ізеттілік, көргенділік нәресте кезінен ана сүтімен бойға сіңеді. Қатты күлмеу, айқайлап сөйлемей, үлкеннің жолын кеспеу, ыдыс аяқты салдырлатпау, алдымен кіріп, артымен шығу, есікті теуіп ашпау, босағаны кермеу, ұсынған кесені төмен қарап беру, үлкендерден жоғары отырмау тәрізді тіпті қыз баланың отырысына, жүрісіне, аяқ басқанына, киім киісіне, қимыл- қозғалысына, дауыс ырғағына дейін мән берудің өзі қыз бала тәрбиесіне аса зор мән беріп, көңіл қоюдың жауапкершілігін сездіреді. Жазушы Ә.Нұршайықовтың мына бір сөздерін әрбір қыз баланың бойына сіңірсек құба-құп. – Қыздар!Өздерінді алақанға салып әлпештеп отырған осынау бір елімізге адал перзент, асыл азамат боламын десендер, еңбекшіл болындар! Еңбекшіл адам ең ардақты адам. - Әдемі болындар, әсем болындар! Сонымен бірге ақылды болындар! - Сұлу болындар, сымбатты болындар! Сонымен бірге саналы болындар! - Қыздар ұйқышыл болмандар, ұмытшақ болмандар, ұрысқақ болмандар. - Инабатты болындар, ілтипатты болындар, ұйымшыл болып өсіндер! Қыз бала тәрбиесі қай кезде де назардан тыс қалып көрген жоқ. Бірақ бүгінгідей қоғамның аласапыран кезеңде қыз балаларды жан-жақты тәрбиелеудің уақыт күттірмейтін мәселе. Тәуелсіз мемлекетіміздің ертеңгі тұтқасы- болашақ ұрпақтың дені сау,жаны таза болуы, бойларына жалқаулық, құнсыздық- жауапсыздықты дарытпау,өздерін сергек ұстауы- бұл да тәрбиенің бірден бір міндеті. Ежелгі Греция жерінде бір жартасқа: «Егер күшті болам десен-жүгір, ақылды болам десен- жүгір», - деген сөздерді жазып қойыпты. Осында үлкен мән бар. Оқушы- жастардың әсемдік талғамын, адамгершілік қасиетін, іскерлік қабілетін дамыту арқылы, парасатты өмір сүруге құштарлығын арттыру үшін төмендегідей тәрбие сағаттары мен ашық әңгіме, диспуттар өткізуге болады.

1. Батаменен ел көгерер.
2. Сөзің мен ісінде алшақтық болмасын.
3. Ұлыма ұлағат
4. Қызға қырық үйден тию.
5. Махаббат, неке, отбасы.
6. Қызым саған айтам, келінім сен тында.
7. Музыка өнері – ұлт өнерінің негізі.
8. Сөз мәдениеті- өз мәдениетін емес пе?
9. Перзенттік парыз қалай өтелмек?
10. Ерлік, батылдық, төзімділік.
11. Жігіт намысы.
12. Сәнді киіну, таза жүру.
13. Қазіргі жас және мода.
14. Қыз өссе елдің көркі, гүл өссе жердің көркі.
15. Байлық бақыт па?
16. Ән- көңілдің ажары.
17. Дүние –қызық, бала - бал.
18. Ағайын тату болса ат көп, абысын тату болса ас көп. Қыз бала тәрбиесіне ерекше көңіл бөле отырып, ел дәстүрі мен ата-салтына үйрету әр отбасының, сонымен бірге мектептегі ұстаздардың, қоғам алдындағы борышы екенін естен шығармағаны жөн.